

**«БВ02302-Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша
«Мәдениетаралық қарым-қатынас контекстіндегі базалық шет тілі»
пәнінің емтихан бағдарламасы**

Өткізу түрі: Дәстүрлі жазбаша

Платформа: UNIVER АЖ жүйесі

Формат: Оффлайн

Емтихан бағдарламасының мазмұны:

Теориялық бөлігі:

Мәдениетаралық қарым-қатынас контекстіндегі базалық шет тілі негізінде тілдің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құрылымдарын түсіну.

Тапсырма:

1. Мәдениетаралық қарым-қатынас контекстіндегі базалық шет тілінің негізгі грамматикалық, лексикалық ұғымдары мен категорияларын білу.
2. Оқитын тілдегі түрлі мәтін түрлерін мазмұндау.
3. Белгілі бір тақырып бойынша сөздер, сөз тіркестері мен фразеологиялық оралымдарды пайдалана отырып, диалог, монолог құрастыру.

Әдістемелік нұсқаулар:

Студенттерге мәдениетаралық қарым-қатынас контекстіндегі базалық шет тілінің заңдылықтарын сақтай отырып, ақпаратты түсіндіру. Оқитын шет тілінің ауызша және жазбаша қарым-қатынасы негізінде игерген білімдерін нақты жағдаятта қолдану.

Әдебиеттер тізімі:

1. 新实用汉语第四册 北京语言大学 🗨️ 出版社 2017 年。
2. 大众汉语 新疆教育 🗨️ 出版社 2017 年。
3. 博雅汉语 北京大学 🗨️ 出版社 2016 年。
4. 新目录汉语 黑龙江大学 🗨️ 出版社 2013 年。
5. 发展汉语 北京语言大学 🗨️ 出版社 2014 年。

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көрсетілген орынға отыруы тиіс. Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады. Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

-«өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білім; қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну; сабақтас пәндердің негізгі ережелерін нақты білу; емтихан билетінің барлық сұрақтарына логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық, дұрыс

және нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын еркін меңгеру;

-«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсінуді толық және толық білу; қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткілікті меңгеру; -«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалды түсінудегі берік білім; қойылған сұрақтарға дұрыс, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткіліксіз меңгеру; -«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ:

1 Блок бойынша – макс. 30 балл

2 Блок бойынша – макс. 30 балл

3 Блок бойынша - макс. 40 балл

Барлығы - 100 балл